

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Министерство здравоохранения Республики Казахстан		Нысанның БҚСЖ бойынша коды Код формы по ОКУД _____ КҰЖЖ бойынша ұйым коды Код организации по ОКПО _____
Төле би аудандық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы Управление охраны общественного здравоохранения Толевийского района		Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы «30» мамырдағы № 415 бұйрығымен бекітілген № 017/е нысанды медициналық құжаттама Медицинская документация Форма № 017/у Утверждена приказом Министра национальной экономики Республики Казахстан от «30» мая 2015 года №415

Санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды Санитарно-эпидемиологическое заключение

«02» 11

2017ж (г.)

№ 19-30-16-4-28

1. Санитариялық – эпидемиологиялық сараптау (Санитарно-эпидемиологическая экспертиза)

«Момынай жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-сі

пайдалануға берілетін немесе қайта жаңартылған нысандардың, жобалық құжаттардың, тіршілік ортасы факторларының, шаруашылық және басқа жұмыстардың өнімінің, қызметтердің атауы

(наименование объекта реконструкции или вводимого в эксплуатацию, проектной документации, факторов среды обитания, хозяйственной и иной деятельности, работ, продукции, услуг)

Жүргізілді (Проведена) 17.10.2017ж. № 598 санды өтініші

өтініші, қорытынды, қаулы бойынша, жоспарлы түрде және басқалай (күні, нөмері)

по заявлению, предписанию, постановлению, плановая и другие (дата, номер)

2. Тапсырыс (өтініш) беруші (Заказчик (заявитель) «Момынай жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің директоры К. Мадияров

Толық атауы, мекен-жайы, телефоны, жетекшісінің Т.А.Ө. полное наименование, адрес, телефон, Ф.И.О. руководителя)

3. Санитариялық-эпидемиологиялық сараптау жүргізілетін нысанның қолданылу аумағы (Область применения объекта санитарно-эпидемиологической экспертизы)

Төлеби ауданы, Момынай ауылы, Ақтас көшесі №89А

Сала, қайраткерлік ортасы, орналасқан орны, мекен-жайы (отрасль, сфера деятельности, место нахождения, адрес)

4. Жобалар, материалдар дайындалады (Проекты, материалы разработаны (подготовлены)

Қажет етілмейді.

5. Ұсынылған құжаттар (Представленные документы) өтініші, заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтамасы.

атаулары мен олардың ұсынылған уақыты (наименование и дата их представления)

6. Өнімнің үлгілері ұсынылды (Представлены образцы продукции) Қажет етілмейді.

7. Басқа ұйымдардың сараптау қорытынды (егер болса) Экспертное заключение других организаций если имеются) Қажет етілмейді.

(қорытынды берген ұйымның атауы (наименование организаций выдавшей заключение)

8. Сараптама жүргізілетін нысанның толық санитариялық-гигиеналық сипатамасы мен оған берілетін баға (қызметке, үрдіске, жағдайға, технологияға, өндіріске, өнімге) (Полная санитарно-гигиеническая характеристика и оценка объекта экспертизы (услуг, процессов, условий, технологий, производств, продукции)

«Момынай жалпы білім беретін жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Төлеби ауданы, Момынай ауылы, Ақтас көшесі №89 мекен жайда жекелеген ғимаратта орналасқан. Мектеп 2 қабатты типтік жобамен салынған. Жобалық қуаты 200 орынға арналған.

Балалар мен жасөспірімдер болатын үй-жайлар мен медициналық мақсаттағы бөлмелер жертөле және цокольдық қабаттарда орналастырылмаған. Мектептің аумағында олардың қызметімен байланысы жоқ объектілер орналастырылмаған.

Мектеп учаскесінің аумағы қаңғыбас жануарлардың кіріп кетуін болдырмау мақсатында қоршалған. Аумақта гүлдегенде мамықты тұқымдар беретін ағаштар мен бұталар отырғызылмаған. Мектептің учаскесіне кіру және одан шығу жолдары, көлікпен кіру жолдары, шаруашылық құрылыстарға, қоқыс жинайтын алаңдарға, санитариялық-ауалық қондырғыларға өтетін жолдар бетондалған.

Қоқыс жинағыш алаңда қоқыс жинау үшін 3 қоқыс салғыш темір жәшік қойылған. қоқыс жинағыштар тығыз жабылатын қақпақтармен жабдықталған, үш жағынан сеткамен қоршалған.

тазалауға және дезинфекциялауға жеңіл қатты жабындысы бар. Ғимараттардан 25 м қашықтықта орналасқан. Мектептің аумағы және оның қоршауының сыртынан 5 м радиустағы аумақ таза ұсталған. Мектеп ауласында тазалау жұмыстары жүргізілген.

Мектептің аумағында негізгі ғимараттар, дене шынықтыру-спорт және шаруашылық аймақтарына бөлінген. Ғимаратта пандустар және сүйеніштер орнатылған.

Мектепте дене шынықтыру-спорттық аймағында жабдықтар және спорттық снарядтар, жүгіру жолы, секіруге арналған шұңқырлары бар қозғалыс ойындарына (футбол алаңы, баскетбол және (немесе) волейбол алаңдары) арналған алаң қарастырылған. Ашық ауадағы дене шынықтыру және спорт алаңдары таза және тегіс, зақымдалуға және жарақаттануға себеп болуы мүмкін бөгде заттардан тазартылған. Секіруге арналған шұңқырлар үгінділер қосылған таза (тас, бұтақтар, жапырақтары жоқ) құммен толтырылған, секіру алдында ішін қопсытады және тегістейді. Шұңқырлардың ағаш ернеулері жердің бетімен бір деңгейде орналастырылған.

Шаруашылық аймақта орналастырылған. Шаруашылық аймақтың тазалауға және дезинфекциялауға болатын қатты төсемі бар. Мектеп ғимаратының сыртқы жарықтандыру жабдығы аумаққа біркелкі жарықтың түсуін қамтамасыз еткен және мектеп аумағында кешкі мезгілде, оның ішінде санитариялық-аулалық қондырғыларда жасанды жарықтандыру көзделген.

Мектепте 308 оқушы, жоба бойынша 200 балаға арналған. Балалардың саны объектінің жобалық сыйымдылығынан аспаған. Мектептің оқу сыныптарындағы ауданы 1 оқушыға 2,5 м², шеберханаларда – 3,75 м² қабылданған нормаға сәйкес келеді.

Оқу процесі екі ауысымда жүргізіледі. Ауысымдар арасындағы үзіліс режимі сақталады. Пайдалану режимі шумен қоса жүретін және балалардың алаңдауын тудыратын, педагогикалық, медициналық немесе әкімшілік аппараттардың жұмысына кедергі келтіруі мүмкін үй-жайлар (сорғы қондырғысы бар бойлерлер, өндірістік үй-жайлар, жөндеу шеберханалары, сорғы бөлімшелерімен салқындатқыш камералар, желдеткіш камералары, компрессорлық, оқу-өндірістік шеберханалары және т.б.) оқу үй-жайлармен көршілес, астында немесе үстінде орналастырылмаған.

Мектепте спорт залы қарастырылған. Спорт залының ауданы бір спортпен айналысушыға кемінде 4 м² болады. Еден ағаштан жасалған, еденнің беті тегіс, ойықсыз және зиянсыз. Зал қабырғаларының шығынқы жерлері, карниздері жоқ. Батареялар терезе астындағы қуыстарда орналастырылған, батареялар торлармен жабылған. Терезелерде және жарықтандыру құралдарында қоршау құрылғылар көзделген.

Киім ауыстыратын 2 бөлме, мұғалім кабинеті, спорттық жабдықтарды сақтауға арналған қойма және жинау жабдықтарын сақтауға арналған үй-жайлары бар. Спорттық төсеніштердің ылғалды әдіспен өңдеуге және дезинфекциялауға жол беретін жеңіл жабыны бар. Спорт залдарының жанындағы киім ауыстыратын бөлмелер (ұлдар мен қыздарға арналған) киімге арналған ілгіштермен жабдықталған. Себезгі және санитариялық тораптары қарастырылғанымен жұмыс істемейді, емдік дене шынықтыру кабинеттері немесе залдары қосымша қарастырылмаған.

Жеке гигиена бөлмелері, персоналға арналған санитариялық тораптар әкімшілік үй-жайлардың аймағында орналастырылған.

Медициналық кабинет мектептің бірінші қабатында орналастырылған. Медициналық кабинеттің қабырғалары, еденнің және жабдықтың үсті жуу және дезинфекциялау құралдарын пайдалана отырып ылғалды әдіспен тазалауға мүмкін тегіс әрі жұмсақ. Қабырғалары майлы сырмен 1,8 м-ден биіктікте сырланған, едені ламинатталған.

Еңбекке баулу шеберханаларында және химия кабинеттері мен зертханалық кабинеттерде едендері ағаштан жасалған, майлы сырмен сырланған. Ыңғайластырылған қолжуғыштар қойылған және айналасы 1,8 м. аспайтын биіктікте майлы бояумен сырланған.

Ғимараттардың әр қабатында тазалау мүкәммалын сақтауға және өңдеуге арналған орын көзделген. Тазалау мүкәммалары жеткіліксіз мөлшерде иемденілген, арнайы белгілері қойылған.

Мектепте ауыз су жүйесі орталықтандырылған ауылдық су жүйесіне қосылған, мектеп ішіне су құбырмен кіргізілген. Ыстық су жылытқыштар арқылы ыстық су көзделген.

Кәріз жүйесі жергілікті септик. Суағарлар қарастырылған.

Мектеп ауласында және ғимарат ішінде балаларға қол жуатын қолжуғыштар қарастырылған.

Оқушыларға ішетін ауыз су - асханада ұйымдастырылған. Қайнатылған су ыдыстар мен графиндерге құйылып қойылған, бір реттік қолданыланын стакандар қойылған. Ауыз су режимін ұйымдастыру үшін жауапты адам тағайындалған. Оқушыларға барлық уақытта ауыз суға еркін қолжетімдігі қамтамасыз етілген.

Аулада санитарлық-аулалық қондырғы (әжетхана) орналасқан және ғимараттан 25 м қашықтықта орналастырылған.

Оқу үй-жайларында сол жақ бүйірден жарықтандыру көзделген.

Оқу-өндірістік шеберханаларда, спорт залдарында екі жақты табиғи бүйірден жарықтандырумен және аралас (үстіңгі және бүйір жақтан) жарықтандырумен қамтамасыз етілген.

Жалпы жасанды жарықтандыру екі үлгідегі шамдар арқылы қамтамасыз етілген және барлық сыныптарда көзделген.

Істен шыққан шамдар уақтылы ауыстырылады. Жұмыс істемейтін, істен шыққан люминесценттік шамдарды сақтау үшін балалар мен оқушылар кірмейтін жеке бөлме қарастырылған және мекеме басшысының бұйрығымен жауапты адам бекітілген.

Мектептің жылыту жүйесі автономды жеке қазандық арқылы газбен жылытылады. Жылыту жүйесі жұмыс істеп тұр.

Ауа алмасу табиғи терезелер арқылы. Терезелердің конструкциясында балалар мен жасөспірімдер болатын үй-жайларда жылдың кез келген уақытында желдетуді ұйымдастыру мүмкіндігі көзделген.

Станоктармен жұмыс істейтін шеберханада ішке сорып-сыртқа шығаратын желдету жүйесі қарастырылған.

Жаңа оқу жылы басында мектепті сумен жабдықтау, кәріздеу, электрмен жабдықтау жүйелеріне, жылыту кезеңінің басталуына қарай жылыту және желдету жүйелеріне орындалғаны туралы ревизия және жөндеу жұмыстары жүргізіліп, акт толтырылған.

Мектептің дайындық тобындағы оқу сыныбының үстелдері мен орындықтарының өлшемдері балалар мен жасөспірімдердің бой-жас ерекшеліктеріне сәйкестендіріліп қойылған және алдыңғы қатардағы үстелдер мен сынып тақтасы арасындағы қашықтық сақталған. Басқа оқу кабинеттері, зертханалар белгіленген өлшемдегі жұмыс үстелдерімен және орындықтармен жабдықталған. Отырғыштарды, табуреттерді және арқалығы жоқ орындықтар пайдаланылмайды.

Оқу шеберханаларындағы қашықтықтар сақталған.

Тігін шеберханаларындағы аяқпен басатын машиналарды терезелердің бойымен бір қатарға орналастырылған, машинаның табанына жарық сол жақтан түсіп тұр.

Әрбір шеберханада қолжұғыштар орнатылған. Оқу жиһазын оқу процесінің бейініне сәйкес уақытша өзгертуге жол беріледі. Мектепте оқу жиһазы мен жабдығы оқу процесінің бейініне сәйкес орнатылған. Шеберханаларда шу мен дірілдің деңгейлері рұқсат етілген деңгейлерден аспайды.

Физика кабинетіндегі демонстрациялық және оқу зертханалық үстелдерге электр энергиясы жүргізілген, химия кабинетінде қолжұғыштар орнатылған. Химия кабинетін сорып-шығаратын шкафпен жабдықталған.

Тәжірибелер жүргізу үшін пайдаланылатын химиялық реагенттер, қышқылдар мен сілтілер таңбаланады және жауапты адамның бақылауы арқылы арнайы бөлінген шкафта сақталынады.

Компьютерлер мен басқа да бейнетерминалдар көздерімен жұмыс істеу кабинеттері мектептің екінші қабатында орналасқан. Кабинеттердің әрленуі ылғалды әдіспен жинауға болатын татериалдар қолданылған. Компьютерлер орналастырылған бөлмелер қорғаныш жерге тұйықтаумен жабдықталған және үстелдері мен жиһаз жабдықтары талапқа сай орнатылған. Терезелерге күндізгі жарықты өткізбейтін қорғаныш құрылғылармен (жалюз) жабдықталған. Барлығы компьютерлер саны-28

Медициналық кабинет 2 қабатты ғимараттың 1 –ші қабатында орналасқан. 2 медицина қызметкері жұмыс істейді. Медициналық кабинеттің жабдыкталуына арналған медициналық жабдықтар мен құрал-саймандардың тізбесі санитарлық нормаға жабдықталған. Тоңазытқыш(вакциналар және дәрі дәрмектер сақтайтын) орнына көлемі кіші мұздатқыш қаралған, бактерицидті шам жарамдылығы бойынша ГОСТ тексеруден өткізілген. Жинау мүқаммалы; шелек, швабра, шүберек, қолғаптар жеткілікті және максатына қарай таңбаланған.

Дезинфекциялау құралдарынан солихлор мен деохлор жеткілікті мөлшерде қаралған. Қосымша 3 айға жетерлік қоры бар.

Медициналық кабинетте деохлор ерітіндісінің дайындалған күні көрсетілген, таңбаланған ыдыстарда нұсқаулыққа сәйкес дайындалған. Жабдықтар мен мүқаммалды нұсқаулыққа сәйкес, белгіленген тәртіпте 0,03 % ерітіндіні күнделікті залалсыздандыру үшін пайдаланады, ал ауру тіркелген жағдайда 0,06 % дайындалады.

Дезинфекциялау және жуу құралдары және олардың жұмыс ерітінділері балалар мен жасөспірімдердің қолы жетпейтін орындарда сақталалады.

Мектепте медициналық емшаралар жүргізілмейді. Жоспарға сәйкес алдын алу екпелері ғана жүргізіледі.

Мектепте 58 қызметкер (37 мұғалім, 21 кіші қызметкерлер) медициналық тексеруден өткен. Медициналық кітапшалары жұмыс орнында сақталған және жұмысқа рұқсат белгісі қойылған.

Жинау мүқаммалы (легендер, шелектер, жөкелер, шүберектер) таңбаланбаған және әр үй-жайға медициналық блокқа, әр оқу бөлмесі, өндірістік шеберханалар және т.б.) бөлек арналмаған және арнайы бөлінген орындар қарастырылған.

Күрделі жинауды жуу және дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып айына бір рет қабырғаларды, жабдықты, әйнектің ішкі беттерін, жарықтандыру аппаратурасын жуу жүргізіледі.

Мектепте жәндіктердің, егеуқұйрықтардың және тышқан тәріздес кеміргіштермен күрес жүргізу үшін арнайы мекемемен келісім-шарт түзілген.

9.Құрлыс салуға бөлінген жер учаскесінің, қайта жаңартылатын нысанның сипаттамасы (өлшемдері, алаңы, топырағының түрі, учаскенің бұрын пайдаланылуы, жерасты суларының тұру биіктігі, батпактанудың болуы, желдің басымды бағыттары, санитарлық-қорғау аумағының өлшемдері,сумен,

канализациямен, жылумен қамтамасыз ету мүмкіндігі және қоршаған орта мен халық денсаулығына тигізер әсері, дүние тараптары бойынша бағыты)

(Характеристика земельного участка под строительство, объекта реконструкции (размеры, площади, вид грунта, использование участка в прошлом, высота стояния грунтовых вод, наличие заболоченности, господствующие направления ветров, размеры санитарно-защитной зоны, возможность водоснабжения, канализования, теплоснабжения и влияния на окружающую среду и здоровью населения, ориентация по сторонам света)

Қажет етілмеді.

10.Зертханалық және зертханалық-аспаптық зерттеулер мен сынақтардың хаттамалары, сонымен қатар бас жоспардың, сызбалардың, суреттердің көшірмелері (Протоколы лабораторных и лабораторно-инструментальных исследований и испытаний, а также выкопировки из генеральных планов, чертежей, фото)_____

Санитарлық-эпидемиологиялық қортынды Санитарно-эпидемиологическое заключение

«Момынай жалпы орта білім беретін мектебі»» КММ-сі

пайдалануға берілетін немесе қайта жанартылған нысандардың, жобалық құжаттардың, тіршілік ортасы факторларының, шарауашылық және басқа жұмыстардың, өнімнің, қызметтердің атауы

(наименование объекта реконструкции или вводимого в эксплуатацию, проектной документации, факторов среды обитания, хозяйственной и иной деятельности, работ, продукции, услуг)

Санитарлық-эпидемиологиялық сараптама негізінде (на оснований санитарно-эпидемиологической экспертизы)

Санитарлық-гигиеналық ережелер мен нормативтерге (санитарно-гигиеническим правилам и нормативам) сай немесе сай еместігін көрсетіңіз (указать- соответствует или не соответствует)

ҚР ҰЭМ 29.12.2014 жылғы №179 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары талаптарына сай.

атауы, күні мен нөмері (наименование, дата и номер)

Ұсыныстар (Предложения):

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің негізінде осы санитарлық-эпидемиологиялық ұйғарымның міндетті түрдегі күші бар

На основании Кодекса Республики Казахстан «О здоровье народа и системе здравоохранения» настоящее санитарно-эпидемиологическое заключение имеет обязательную силу

Басқарма басшысы

А.Еркинбекова



В. Сәрсенбеков
6.24.26